

Ақмола қаласындағы бес жұлдызды "Астана" мейманханасының құрылысын аяқтау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 30 қаңтардағы N 57

Ақмола қаласындағы бес жұлдызды "Астана" мейманханасын пайдалануға уақытында беру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақмоластройинвест" коммерциялық құрылыс салушылар компаниясының, "Окан Холдинг/Исот" компаниясының және "Отель Астана" жабық үлгідегі акционерлік қоғам нысанындағы бірлескен кәсіпорнының:

"Ақмоластройинвест" коммерциялық құрылыс салушылар компаниясының "Окан Холдинг/Исот" түрік компаниясының Ақмола қаласында бес жұлдызды "Астана" мейманханасын салуы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 10 қазандағы N 1312 қаулысымен мақұлданған келісім-шарт бойынша тапсырысшының барлық құқықтары мен міндеттерін "Отель Астана" жабық үлгідегі акционерлік қоғам нысанындағы бірлескен кәсіпорнына заңдарда белгіленген тәртіппен беру туралы;

осы келісім-шартты қаржыландыруға Түркияның Эксимбанкін және "Deutsche Morgan Grenfell" қатыстыру туралы ұсыныстарына келісім берілсін, бұл ретте келісім-шартты қаржыландыруға қатысу жоғарыда аталған қаулыда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.07.03. N 631 қаулысымен. Р 9 8 0 6 3 1 _

2. "Окан Холдинг/Исот" түрік компаниясының Ақмола қаласында бес жұлдызды "Астана" мейманханасын салуы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 10 қазандағы N 1312 қаулысының күші "Ақмоластройинвест" коммерциялық құрылыс салушылар компаниясының құқықтық мұрагері ретінде "Отель Астана" жабық үлгідегі акционерлік қоғам нысанындағы бірлескен кәсіпорнына қатысты барлық құқықтарға, міндеттерге, жауапкершілік пен жеңілдіктерге толық көлемінде қолданылады деп белгіленсін.

3. "Окан Холдинг/Исот" түрік компаниясының Ақмола қаласында бес жұлдызды "Астана" мейманханасын салуы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 10 қазандағы N 1312 Р951312_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың екінші абзацындағы "және Экономика министрлігімен" деген сөздер алынып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Осы қаулының іске асырылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін".

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК